



БУЛАНДЫ АУДАНЫ

АҚПАРАТ

Аудандық қоғамдық-саяси газет
Районная общественно-политическая газета



№ 18 (416)
03.05.2024



Аудан әкімі А. Смайыловтың мерекелік

құттықтаулары ОТАН ҚОРҒАУШЫЛАР КҮНІМЕН

Қадірлі жерлестер! Сіздерді мемлекеттік мереке - Отан қорғаушылар күнімен шын жүректен құттықтаймын.

Біз бұл күні Қарулы күштер қатарында қажырлы қызмет еткендер мен сапта жүргендерге құрмет көрсетеміз. Мемлекеттің, қоғамның және әрбір қазақстандықтың қауіпсіздігін қорғаушылар мен өз еліне шексіз берілгендер де сондай ілтипатқа ие.

Уақыт алмасады, ұрпақтар өзгереді, бірақ Отанға сүйіспеншілік, қажырлылық, ерлік, жауынгерлік рухымыз өзгеріссіз қалады. Бұландылықтар да өз Отанымыздың қорғаныстық қабілетін нығайтуға, Қазақстан халқының игілігі мен бейбітшілікті қорғауға лайықты үлесін қосуда.

ҚЫМБАТТЫ ЖЕРЛЕСТЕР!

Бүгінгі ерекше күні Сіздерге шын жүректен бақыт пен татулық, әрбір отбасына ізгіліктер мен игіліктер тілеймін. Ардагерлеріміздің дені сау болып, солдаттар мен офицерлеріміз табысты қызмет ете берсін. Ержүрек және жігерлі адамдардың бұл мерекесі ардайым қуаныш пен бейбіт күн әкеле берсін!

ҰЛЫ ЖЕҢІС КҮНІМЕН

Құрметті Ұлы Отан соғысы және тыл ардагерлері, қымбатты аудан тұрғындары!

Айтулы мерекемен баршаңызды шын жүректен құттықтаймын! Бар әлемді дүр сілкіндіріп, жер аны қанға бояп, асыл аналардың көзінің жасын құрғатпай, аны баладан, баланы әкеден, қыз-келіншектерді аяулы жары мен сүйіктісінен айырған сұм соғыстың аяқталғанына жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де, бүгінгі ұрпақ оның мән-маңызын жете түсінеді. Өйткені, бізге дәл қазіргі тыныштық пен бейбіт өмір тектен - текке келген жоқ. Қымбатты ардагерлер!

Сіздердің қан майданда қаһармандықпен көрсеткен ерліктеріңізді бүгінгі ұрпақ ешуақытта ұмытпайды және қастерлеп мақтан тұтады.

Барша отбасына береке-бірлік, әрбір жанға денсаулық, бақыт тілеп, аспанымыз ашық, заманымыз тыныш болсын, балаларымыздың жүзінен күлкі кетпесін, қашан да шуақты күннің астында Тәуелсіз еліміздің көк байрағын желбіретіп, биік армандарымызға жете берейік демекпін!

Уважаемые защитники Отечества!

От всей души поздравляю вас с Днем защитника Отечества!

Этот праздник символизирует мужество, силу и героизм тех, кто защищал и продолжает защищать нашу Родину. Сегодня мы отмечаем День людей, которые всегда готовы противостоять любым проблемам и вызовам, которые готовы пожертвовать своей жизнью ради блага своей страны.

Я особенно хочу поблагодарить наших военных, которые охраняют наши границы и защищают нашу безопасность. Также хочу поздравить всех, кто служил в армии и испытывал трудности на военной службе.

Пусть этот праздник напоминает нам, что защита Родины - дело каждого из нас. Давайте будем готовы поддержать наших защитников в любое время и при любых обстоятельствах.

Желаю вам благополучия, здоровья и удачи во всех начинаниях.

Уважаемые буландынцы!

9 мая мы отмечаем великий праздник - День Победы! Этот день напоминает нам о том, как наш народ проявил смелость и героизм, чтобы защитить свою Родину от фашизма и диктатуры.

День Победы для каждого казахстанца - личная история, у каждого из нас есть близкие, деды и прадеды, которые воевали или работали в тылу.

В этот день мы отдаем дань памяти и своим близким. Я хотел бы выразить свою глубокую признательность всем нашим ветеранам, которые принимали участие в Великой Отечественной войне, за их бескорыстную службу и жертвенность в борьбе за свободу и независимость нашей страны.

Пусть День Победы напоминает нам о том, что никакие трудности не могут сломить нашу волю и нашу веру в мир и свободу. Желаю вам всех благополучия, здоровья, мирного неба на головах и успехов во всех начинаниях.

Н. СЕКСЕНОВ, председатель районного маслихата.

Көкшетауда Қазақстан халқының бірлігі күніне орай су тасқынын жоюға қатысушылар марапатталды

Көкшетауда Қазақстан халқының бірлігі күніне арналған салтанатты іс-шара өтті.

Биылғы жылы өңірдегі бірлік мерекесі су тасқынынан кейінгі жағдай аясында қарсы алынады. Халықтың бірлігі арқасында су тасқынына қарсы күресте бірде-бір ақмолалық көмек пен назардан тыс қалмады.

Мерекенің басты кейіпкерлері өрт сөндірушілер, құтқарушылар, полиция қызметкерлері, еріктілер, кәсіпкерлер, медицина қызметкерлері болды.

Іс-шараны аша отырып, облыс басшысы барлық қатысушыларды келе жатқан мерекемен құттықтап, күн сайын еліміздегі келісім, бірлік пен бейбітшілікті сақтауға өз үлестерін қосатын барлық ақмолалықтарға алғысын білдірді.

«Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXIII сессиясында «Бірлік. Жасампаздық. Өрлеу» Ел Президенті Қазақстан халқы Ассамблеясының қоғамдық сананы жаңғыртуға қатысудағы рөлін атап өтіп, оның алдына республикадағы тұрақтылықты, этносаралық және конфессияаралық келісімді нығайту, Қазақстан халқының ұлттық бірегейлігі мен бірлігін нығайту бойынша бірқатар жаңа міндеттер қойды.

Бірнеше апта бойы құтқарушылар, поли-

ция қызметкерлері, әскери қызметкерлер, еріктілер, медицина қызметкерлері және басқалар күндіз-түні қиын жағдайда жерлестеріне көмектесу үшін аянбай еңбек етті. Мұның бәрі - облыстың әрбір тұрғыны көрсеткен бірлігіміздің, жанашырлығымыз бен көмегіміздің ең үздік үлгісі», - деді М.Ахметжанов.

Кездесу барысында өңірдің қоғамдық-саяси өміріне, сондай-ақ су тасқыны кезеңінде және қоғамдық келісімді нығайтуда өз үлестерін қосқан іс-шараға қатысушылар марапатталды.

Ересектермен бірге су тасқыны салдарын жоюға өскелең ұрпақ қатысты, мысалы, Бұланды ауданының «Балдырған» балабақшасының тәрбиеленушісі Абай Ағзам өзінің жасына қарамастан аудандық штабта гуманитарлық көмек жинауға көмектесті.

Ақмола облысы ТЖД «ӨСЖәне АҚК» РММ Ақкөл қаласының №26 ӨСБ өрт сөндіру автомобилінің жүргізушісі-қызметкері аға сержант Данияр Аңсариев өрт бригадасының құрамында су тасқыны жағдайын жою үшін Аршалы ауданының Жібек жолы ауылына жіберілді. Жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп барлық кезеңде 2 мыңнан астам қап тасымалданды және елді мекендерге азық-түлік пен дәрі-дәрмек жеткізілді. Еріген қар



суын сору бойынша жұмыстар жүргізіліп, бөгеттерді нығайту үшін қаптар төселді.

Іс-шара Көкшетаудағы су тасқынынан зардап шеккен Шиловтар мен Сәрсенбаевтар отбасыларына пәтер кілттерін табыстау рәсімімен аяқталды. Облыс орталығында барлығы 14 отбасы пәтер алды.

Ақмола облысы әкімдігінің ресми сайтынан.

Только вместе, только вперед!

В единстве, несомненно, сила и мощь народа. Когда все крепко держатся за руки - не страшна никакая беда. Именно сплоченность, общность взглядов и мнений, единство духа проявились в дни тяжелых природных испытаний, выпавших на долю многих регионов во время весенних паводков. Казахстанский народ в очередной раз показал свою дружбу и солидарность, доказав, что это самое главное богатство.

Накануне Дня единства народа Казахстана в районном Доме культуры состоялось торжественное мероприятие с участием акима района Ардака Смаилова, депутатов областного и районного маслихатов, руководителей и сотрудников государственных учреждений, общественных организаций, общественности и молодежи.

В этом году праздник единства в регионе встречали на фоне послепаводковой ситуации. Благодаря сплоченности и единству народа, в борьбе с

водной стихией ни один акмолинец не остался без помощи и внимания. Главными героями праздника стали все те, кто принимал активное участие в ликвидации паводков в регионе.

Поздравил буландынцев с ярким и всенародным праздником, символизирующего духовное единство и дружбу многонационального народа страны, аким района Ардак Смаилов. Глава района отметил, что мы с оптимизмом смотрим в будущее и продолжаем созидательную работу над укреплением дружбы и согласия в нашем общем



«Таза Қазақстан» науқаны жалғасын тапты

Бұланды ауданында «Жасыл аймақ» экологиялық акциясы аясында абаттандыру және көгалдандыру жұмыстары жүргізілді.

Жалпы акция аясында аудандағы барлық ауылдар мен елді мекендерде көгалдандыру жұмыстарды орындалды. Атықарылған жұмыстарға аудандағы барлық саладағы мекеме қызметкерлері мен аудан тұрғындары, қала белсенділері және ерікті жастар жұмыла атсалысып, 100 астам ағаш көшеттері отырғызылды.



Бұланды ауданы әкімінің
баспасөз қызметі.



доме.

Благодарственными письмами акима района были награждены буландынцы, принявшие активное участие в ликвидации паводков в районе. Благодаря ответственной и слаженной работе этих людей, неравнодушию и гражданской инициативе, была сделана огромная работа.

Концертная программа праздничного мероприятия раскрыла основную концепцию Дня единства, артисты подарили аудитории свои лучшие номера, каждый из которых был отмечен бурными овациями.

Следует отметить, что гостей мероприятия встречали выставкой, олицетворяющую дружбу народов. Организации образования района подготовили уголки разных национальностей: декорации, национальные костюмы, предметы, раскрывающие культуру и быт.

А. АМАНЖОЛОВА.

ЖЕРЛЕСТЕРІМІЗДІҢ ЖЕҢІСТЕРІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Қазақстан - бірлік пен татулықтың мекені!



Бұланды модельдік орталық кітапханасы мен ішкі саясат бөлімі бірлесіп, қоғамдық пікір көшбасшыларының, Қазақстан халқы Ақмола Ассамблеясы өкілінің, Бұланды ауданының дін мәселелері жөніндегі ақпараттық-түсіндіру тобы мүшелерінің, аудан жастарының қатысуымен «Қазақстан - бірлік пен татулықтың мекені!» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді.

Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесіне орай өткізіліп жатқан іс-шараны ашқан кітапхана мамандары қатысушыларды аталған мерекенің пайда болу тарихымен таныстырды.

«Алтайбек ата» мешітінің бас имамы Тұрдыақын Дәргерхан мен теолог-маман Смадыров Бахтияр Серікұлы кездесу тақырыбы аясында ой қозғап, елімізде бірлік пен татулықты сақтауда түрлі діни конфессиялардың алатын орны мен жат ағымдардың ел тұрақтылығына төндіретін қауіптілігі туралы сөз сөйледі.

Бұланды ауданының қоғамдық пікір көшбасшылары

Тұртанова Биғайша Еслямбекқызы, Аманжолова Айгүл Егізбайқызы, Қазақстан халқы Ақмола Ассамблеясының мүшесі Зандыбай Жайнарбек Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясының «Бірлік. Жасампаздық. Өрлеу» атты XXXIII сессиясында сөйлеген сөздері, көптеген ұлттардың ортақ шаңырағына айналған Қазақстанның бейбітшілік пен келісім арқылы әлемге үлгілік жолды нұсқап келе жатқандығы, елімізде этносаралық сыйластық пен қоғамдық келісімді сақтау қажеттілігі, Қазақстан халқы Ассамблеясының ел бірлігін сақтаудағы қызметі туралы кеңінен ақпарат берді.

Іс-шараға қатысушылар «Қазақстан – біздің ортақ үйіміз» фильмінен үзіндіні тамашалап, «Бүгінгі келісім – мәңгілік бейбітшілік» көрмесіндегі құжаттарға шолу жасады.

Кездесу соңында жастар Қазақстандағы бірлік пен татулық, түрлі ұлт пен дін өкілдерінің достығы мен келісімі туралы өз пікірлерін білдіріп, жүргізушілердің сұрақтарына жауап берді.

С. ИБРАГИМОВА, «Бұланды аудандық ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бас маманы.

Заманауи сала жеңімпаздары



Елімізде енді қарқын алған инновациялық саланың бірі робототехника. Ғылыми-техникалық шығармашылықты дамытуға арналған заманауи саланың маңызы зор. Баланың ой өрісін дамытып ғана қоймай, шешімдер қабылдауға үйретеді. Ауданымыздағы білім саласында робототехника пән ретінде мектептерде үйретіліп келеді. Ауыз толтырып айтар алғашқы жетістік десек болады.

Балуан Шолақ мектеп лицейінің оқушылары Рауан Шайзан мен Расул Зандыбай алдымен Астана қаласында өткен «Robotex Kazakhstan» республикалық турнирінде топ жарып Түрік елінде өтетін халықаралық жарысқа жолдама алды. Жерлестеріміздің бағы жанып Түрік елінен де олжалы оралды. Ол жайлы Рауан мен Расулдың жетекшісі Байсұлтанбек Бегзан: «Екі күнге созылған «Robotex Turkey 2024» жарысының қорытындысы бойынша Италияда өтетін робототехника сайысына жолдама ұтып алдық. 400 ден аса команда, 2500 қатысушы қатысқан бұл сайыс біз үшін ауыр және қызыққа толы болды. Жолдама алудың өзі үлкен нәтиже. Жолдамаға қол жеткізе алмаған командалар бар. Ең бастысы біз үшін үлкен тәжірибе алаңы болды. Алдағы уақытта осы сайыста жіберген қателіктерді ескере отыра одан да мықты дайындалып барамыз деген ойдамыз»-деді өз

сөзінде. Заманауи жаңа саланың тілін меңгеріп халықаралық жарыста үздіктер қатарынан көріну біз үшін үлкен мәртебе. Балаларды шығармашылыққа баулып, қызығушылықтарын арттыра білген еңбек әрине ұстаздікі. Жеңімпаз шәкірттері мен ұстаздарын Балуан Шолақ мектебінің ұжымы ерекше құрметпен қарсы алды. Салтанатты сап өткізіп, жеңімпаздарды құттықтап, жарысқа баруларына көмек қолын созған демеушілерге алғыс білдірді. Жастарымыздың жарысқа баруларына жеке кәсіпкерлер: Тұрлыбек Болатов, Ерлан Токанов, Иса Гельсханов, Николай Степаненко, Марат Нуркенов, Болат Исмағамбетов, Ринат Жандыбаев, Қуат Байғамбетов және облыстық, аудандық мәслихат депутаттары Клара Меңдібаева, Нұрбек Сексенов, Әлішер Кенжеғалиев қолдау көрсеткен болатын. Жастардың үлкен аламанға араласып, дүбірге қосылуларына мүмкіндік жасаған демеушілерге алғыс білдеріміз. Ал, жеңімпаз жастарымызда алда Италия күтіп тұр.

Ж. ЗАНДЫБАЙ.



Жерлесіміз топ жарды

Ақмола облыстық оқу-әдістемелік орталығы мемлекеттік мекемелерде қазақ тілінен сабақ беретін оқытушылар арасында Ахмет Байтұрсынұлы атындағы облыстық байқауын өткізді. Тілдерді оқыту орталықтары оқытушыларының кәсіби беделі мен қоғамдағы

мәртебесін арттыру, әдістемелік шеберлігін анықтау, тәжірибесін сараптау арқылы ынталандыру, қолдау көрсету мақсатында өткен байқауға Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің қауымдастырылған профессоры, қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.д. Қасиет Кәкенұлы Молғаждаров, А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университетінің қазақ тілі және орыс тілдері тобының жетекшісі, аға оқытушы Жаңылсын Асылбекқызы Сәтпаева және «Ақмола облыстық орталығы» МКМ-нің мемлекеттік тіл оқытушысы, 2023 жылғы А.Байтұрсынұлы атындағы облыстық байқаудың жеңімпазы, республикалық байқаудың 3-орын иегері Айман Сейілбекқызы Жақанова қазылық етті. Байқау 3 кезеңнен тұрып, мұғалімдердің біліктілігі, сабақты аша білу тапқырлықтары сынға түсті. Байқау нәтижесі бойынша Бұланды аудандық «Тілдерді оқыту орталығы» МКМ

оқытушысы Дина Даниярқызы 1-орын иегері атанды. Қыркүйек айында Дина республикалық байқауда Ақмола облысының намысын қорғайтын болады.

Ж. ЗАНДЫБАЙ.



В Кокшетау на День единства народа Казахстана наградили участников ликвидации паводка

В Кокшетау состоялось торжественное мероприятие, посвященное Дню единства народа Казахстана.

В этом году праздник единства в регионе встречают на фоне послепаводковой ситуации.

Благодаря сплоченности и единству народа, в борьбе с водной стихией ни один акмолинец не остался без помощи и внимания.

Главными героями праздника стали пожарные, спасатели, полицейские, волонтеры, предприниматели, медицинские работники - все те, кто принимал активное участие в ликвидации паводков в регионе.

В торжественном мероприятии приняла участие и буландынская делегация, в числе которых были директор Молодежного ресурсного центра Замзагуль Аменова и SMM-специалист центра Тамила Цечоева.

С Буландынского района был награжден наш юный патриот Родины - Ағзам Абай, который стал известен после того, как специалист центра запечатлели его на камеру в момент, когда маленький Ағзам помогал разгружать гуманитарный груз со взрослыми. Юного патриота ставили в пример, отмечая его сознательность уже в таком возрасте.

Молодежный ресурсный центр района.



МАМЫР АЙЫНЫҢ АЙТУЛЫ КҮНДЕРІ

Архив құжаттарындағы ақиқат

9 мамыр - Жеңіс күні

Ұлы Отан соғысы жылдарының алғашқы күнінен бастап ауданымыздан Отанымызды қорғауға мыңдаған адам қызыл әскер қатарына шақырылды. Ақмола облысынан құралған әскери жасақтар: 29, 310, 387 атқыштар дивизиясы Сталинград, Ленинград, Москва түбіндегі ұрыстарда ерен ерліктің үлгісін көрсетті. Ауданымыздан қанды майдан даласына аттанған 8207 азаматтың туған жеріне 4281 оралмады. Жерлестеріміз: Иван Федорович Омигов, Иван Куприянович Скуридин, Никита Федорович Карацупа, Михаил Васильевич Яглинский, Николай Дмитриевич Сергиенко Кеңес Одағының батыры атағына ие болғаны баршамызға мәлім, ал капитан Саябек Шарипов, гвардия сержант Қалиев Қабдөш, кіші лейтенант Кускенов Кабдолла майданға Макин әскери комиссариатынан аттанып соғыс даласында көрсеткен ерлігі үшін Кеңес Одағының батыры атағын беруге ұсынылған болатын. Алайда белгісіз себептермен жоғарғы атақ жерлестерімізге берілмеді. Есесіне аман-есен елге оралып, бейбіт өмір кешу, шаңырақ көтеру бақыты нәсіп етіліпті... Кеңес Одағының батыры атағына ұсынылған жерлестеріміздің ерліктері жайлы аудандық газет бетіне мақалалар жарияланған болатын. Бүгінгі күнге дейін Кускенов Кабдолланың соғыстан кейінгі тағдыры жайлы, туған-туыстары туралы дерек әзірге табылған жоқ.

Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске тек жауынгерлердің ерлігі арқасында ғана емес тыл еңбеккерлерінің қажырлы еңбегінің арқасында жеткен болатынбыз. Соғыс басталғалы КСРО батыс өңіріндегі зауыттар мен кәсіпорындар Сібірге, Қазақстанмен Орта Азияға эвакуацияланған болатын. Ақмола, Көкшетау, Атбасар қалаларына соғыс

жылдары бірнеше зауыт эвакуацияланды. Ленин атындағы Мичуринск зауытының директорының 1942 жылдың 14 шілдесінде арнайы эшалан басшысы Байдак Григорий Александровичке берген куәлігінде келесі мәлімет берілген. «Удостоверение дано тов. Байдак Григорию Александровичу, в том что он действительно является начальником специального эшалона оборудования и бригады в составе 52 человек рабочих завода им. Ленина, направляемого по решению ГОКО СССР на ст. Макинка Карагандинской ЖД.

На основании решения ГОКО СССР от 10.07.1942 года эшалонам завода им. Ленина должно быть обеспечено быстрое продвижение к месту назначения и горячая пища по пути следования до ст. Макинка Карагандинской ЖД.

Завод им. Ленина просит все партийные и советские организации оказывать тов. Байдак Г.А. всемерное содействие в выполнении возложенного на него задания».

Мичуринск қаласының Ленин атындағы зауыттың эшалоны 1942 жылыдың 28 шілдесінде Макинка станциясына келді. Аудандық ахив қорында сақталған «Макин поселкелік еңбекшілер депутаттары Кеңесінің атқару комитетінің» 1942 жылғы 29 шілдесіндегі № 8 хаттамасында - зауытпен 1200 жұмысшы, отбасымен төрт мыңға тарта адам қоныс аударғаны жайлы жазылған. Поселкеде небары 1300 үй бар. Қоныс аударушыларды баспанамен қамтамасыз ету керек. Оларды уақытша елді-мекендегі 2 мектеп пен «Қазақалтын» тресінің клубына орналасырып, поселкедегі кәсіпорындар мен мекемелерде жұмыс істемейтін адамдарды аудан аумағындағы колхоздарға көшіру туралы шешім қабылданған.

30 шілде мен 1 тамыз күндері екінші

және үшінші эшалондар да келіп жетті. Құрал жабдықтардың бір бөлігі «Қазақ алтын» тресінің гараждарына ал қалған станоктар ашық аспан астына орналастырылды.

Аудан мен зауыт басшылығының алдында аса қысқа мерзім ішінде зауытты іске қосып, майданға сапалы өнім беру мақсаты тұрды. Мақсатқа жету үшін зауыт жұмысшыларына көмекке станция тұрғындарымен қатар көршілес елді-мекендерден жұмыс күші тартылып, 1942 жылдың қараша айында зауыт майданмен ауыл шаруашылығына қажетті өнімдерді (мина, поршень сақиналары т.б.) шығара бастады. Майданға қажетті өнімдерді поселкедегі «Красный деревообделочник» артелі де шығарды.

Майданға тек адам ресурстарын ғана мобилизациялаған жоқ, мініс аттар, автокөлікпен басқа да техника майдан қажеттілігіне алынған болатын. Архив қорында сақталған 1943 жылғы қыркүйегіндегі ауданымыздың экономикалық көрсеткіштері анықтамасында халық саны-30 042, Макинка поселкесінде-11 009 адам тұрғаны жайлы және ауданда 4 жүк автокөлігі мен 2 жеңіл автокөлік бары көрсетілген (салыстыру үшін 1941 жылдың басында ауданымызда 213 автокөлік болыпты).

«Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін!»,- деген ұранмен кең байтақ еліміздің тылындағы ауыл-аймақтарда қалған жұмысшылар мен шаруалар, буыны бекимеген балалар мен еңкейген көрілер Жеңіс үшін еңбек майданына түсті.Сонымен қатар тылда қалғандар жауынгерлерге азық-түлік, жылы киімдер жинап майданға жөнелтіп отырды. Соғыстың алғашқы айларында - ақмайдан үшін 100 мың пұт астық, 2258 центнер сүт, 17 вагон жылы киімдер мен азық-түлік жөнелтілді. 1941 жылғы 13 қыркүйегінде басылымға шыққан аудандық «Ленинский путь» газетінде



Фронтальная комсомольско-молодежная смена к/м А. Шарандиной

Қорғаныс қорына аудан тұрғындары бір күнде ақшалай 13,5 мың рубль, облигациямен 200 мың рубль қаражат аударғаны туралы дерек бар.Сондай ақ, майданға кеткен ер азаматтардың орынына темір тұлпар трактордың тізгінін ұстаған нәзік жандылар жайлы мақалалар да кездеседі. Аудандық газеттің 1942 жылғы 22 қаңтардағы №8 басылымында «Девушки готовят сясть на трактор» атты мақалада: «Молодые девушки курсантки тракторных курсов при Макинской МТС своей настойчивостью, упорным трудом добились отличных показателей в учебе.Зувайра Кизиева, малограмотная, слабо владеет русским языком, но она старательно изучает трактор. Мало того, что она хорошо усвоила материал, но она и помогает отстающим в учебе. Хорошо осваивают технику трактора Вера Горпиенко, Карима Тарипова и другие.»- деп жазылған.

Ақмола облысының архиві қорында сақталған құжаттарда Ақмола облысы өңірінде 5 әскери тұтқындардың лагерінің бөлімшелері болған.

Ақмола әскери тұтқындар лагері 1945 жылы құрылып, тұтқындар Ақмола-Қарталы темір жолын салуға қатысқан. Жаралы,сырқат әскери тұтқындарды емдейтін Көкшетау қаласында №3604, Щучье қаласында №1054, Атбасар қаласында №3006 эвакогоспитальдардың орналасқаны жайлы ақпарат бар.

Ұлы жеңіске атсалысқандардың қатары жыл сайын селдіреп барады. Бүгінде ауданымызда жалғыз соғыс ардагері Комин Иосиф Иванович пен қырық екі тыл еңбеккері өмір сүруде. Жеңіс мерекесі қарсаңында оларға үкімет тарапынан айрықша көңіл бөлініп оларға қосымша жәрдемақы жол жүру жеңілдіктері беріліп, әр түрлі игі істер бастау алуда.

Біздер, бейбітшілік пен бақыт сыйлаған аға буынның ерлігін мәңгі есте сақтап, бабалар рухына тағзым етеміз.

Суретте: Макин поршень сақиналары зауытының комсомол жастар бригадасы.

Б. ҚОЖАҚАНОВ, аудандық архив директоры.

Біртұтас ұлтымыздың теңдессіз артықшылығы



1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күніне орай «Ұлт ұлысқа ортақ үй – Қазақстан» атты қонақжайлық күнін Модельдік балалар кітапханасының мамандары мектеп-гимназияның қазақша және орысша бөлімінің 4-сыныптары оқушыларының қатысуымен өткізді.

Оқушылар іс-шараны «Менің елім» ән ұранынмен бастады. Қазақстан аумағында тұрып жатқан 130-дан астам ұлт пен ұлыс өкілдері киелі қара шаңырақта тату-тәтті, береке мен бірлікте, бейбітшілік

пен ынтымақта өмір сүріп жатқандығын кітапханашы мәлімет етіп, Қазақстанның ұлт-өкілдері туралы бейнебаяндар ұсынды. Балалар бірлік, ынтымақ, достық тақырыбында мақал-мәтелдер айтып, жұмбақтар жасырып, викторинаның жауаптарын тапты. Өзге ұлттардың салт дәстүрін, мәдениетімен танысып, қонақжайлықтарын көрсете отырып, қара-жорға биін және орыс ұлтының биін биледі.

Іс-шараға арналған кітап көрмесінде түрлі ұлттардың тарихын, қазіргі

өмірін, олардың мәдениетін, салт-дәстүрін және өнерін ашып көрсететін қазақстандық және шетелдік авторлардың кітаптары мен мерзімді басылымдар беттерінде жарияланған мақалаларының көшірмелері кеңінен біздің оқырмандарымызға көрсетіліп әдебиеттік шолу жасалынды. Оқушылар өте белсенді қатысып, іс-шарамыз көңілді өтті.

Қ. ЖАРҚЫНОВА, модельдік балалар кітапханасының кітапханашысы.

Великая сила – в единстве народа!

1 мая Казахстан отметил один из самых добрых и светлых праздников – День единства народа Казахстана. Это праздник дружбы, понимания и согласия, которые так необходимы для мирной жизни в стране, где проживают более 150 наций и народностей. В большую семью Казахстана входят казахи, узбеки, русские, украинцы, немцы, корейцы, уйгуры, киргизы, китайцы, евреи, армяне, грузины и многие-многие другие национальностей. Каждый из этих народов уникален по своему, но вместе на территории нашей Республики они – один дружный народ.

Первое число мая – прекрасный повод для того, чтобы задуматься, как важно беречь и уважать собственную культуру и культуру тех людей, с которыми мы общаемся и трудимся

бок о бок каждый день. Сохранение межнационального и межрелигиозного согласия – залог наших сегодняшних побед и будущих успехов! Мы, казахстанцы, разные – но мы сильны нашим единством, командным духом, умением работать вместе над самыми разными проектами и всегда находить лучшие решения в самых различных ситуациях! Как гласит казахская пословица: «Сила птицы – в крыльях, а человека – в дружбе». И жизнь наглядно подтверждает её правоту. Для будущего процветания нашей страны необходимо стабильность внутри государства, дружба и согласие между народами, населяющими её.

В честь этого замечательного праздника в Токтамысской модельной сельской библи-

отеке прошло колесо истории «Единства священного не разрывайте». В ходе мероприятия ознакомимся аучащихся с традициями и обычаями, сложившимися при праздновании этого дня: дети узнали об истории возникновения праздника. Для участников мероприятия была подготовлена командная викторина, посвященная истории этого праздника, где участники показали свои знания и умения. Была оформлена выставка «Халық бірлігінің ұлы күші». Целью колеса истории: воспитание казахстанского патриотизма путем консолидации этносов Казахстана, гражданской и духовно-культурной общности, формирование уважительного отношения к историко-культурным традициям всех народов, к их быту, этническим и психологическим особенностям, гармоничное развитие межнациональных отношений, содействие укреплению мира и дружбы между народами.

День единства – созидательный праздник, призванный объединить людей. Уважение и толерантность к любой нации и народности, позволяет Казахстану сохранять статус дружественного и современного государства.

О. БОРТНИК, библиотекарь Токтамысской модельной сельской библиотеки.

Дружба – это целый мир

Ко Дню Единства народов Казахстана Тастыюзекская сельская библиотека провела с ребятами праздник весны под названием «Дружба - это целый мир», который был приникнут духом дружбы и солидарности народа нашей страны. Велика наша Родина – Казахстан, где в мире и согласии проживает более 130 этносов. Многонациональна наша республика: казахи, русские, украинцы, белорусы, татары, немцы, корейцы, поляки, узбеки, уйгуры и многие-многие другие – люди всех национальностей отмечают праздник Дня единства народа Казахстана.

Благодаря таким мероприятиям расширяются знания учащихся о государственных праздниках, между детьми формируются дружеские взаимоотношения. Мы учим детей помогать друг другу, уважать и ценить отношение между собой, воспитывать уважение к людям разных национальностей.

Ю. МЕРЕНЮК, библиотекарь Тастыюзекской сельской библиотеки.



РЕДАКЦИЯ ПОШТАСЫНАН – РЕДАКЦИОННАЯ ПОЧТА

Буландынские ученики – призеры Международного форума!

Учащиеся района приняли участие в Международном молодежном форуме «Мы – интеллектуалы XXI века», который состоялся в Кыргызстане в г. Бишкек. Казахстан на Международном форуме представила команда нашего района в следующем составе: Асанали Ашимов и Мкксим Журавлев – учащиеся 9 класса Никольской общеобразовательной школы № 2 и Анастасия Свидерская – ученица 10 класса школы-гимназии г. Макинска. Руководитель команды – учитель информатики и робототехники Никольской ОШ № 2 и школы-гимназии г. Макинска Артём Сергеевич Цимбал. Учащиеся выступили с тремя проектами



в области техники и заняли одно призовое место. По итогам конкурса Асанали Ашимов награжден дипломом III степени.

Отметим, что наши ребята участвуют в данном конкурсе второй год. Обе поездки являются результативными. Поздравляем инициативного молодого педагога и наших ребят с заслуженной победой!

С. АРТЕМЬЕВА, методист районного методического кабинета.

Значение и польза леса огромные

Со времен появления первого человека его связь с лесом всегда была тесной и многогранной. В последнее тысячелетие активное развитие человечества начало заметно влиять на количество и качество лесопокрытых площадей, объемы лесных ресурсов и их качественное состояние, а в последнее столетие и разрушать экосистему, сильные ветра, бури, много осадков, паводки, где то засуха - все это влияет на лес.

Между тем, значение леса в жизни человека огромное. Лес во многом определяет качество окружающей среды и то, насколько эта среда подходит для удобного и здорового существования человека. Общеизвестная роль леса- «зеленые легкие планеты» лес поглощает и связывает из атмосферы углекислый газ, накапливает углерод, а обратно выделяет кислород. Одно дерево за сутки выделяет столько кислорода, сколько необходимо для дыхания трех человек. Помимо этого лес очень эффективно очищает воздух от пыли и других вредных примесей, поддерживает повышенную влажность воздуха, защищает от иссушения не только себя, но и прилегающих территории. Особо велика роль леса в сохранении природной воды, лес играет большую роль в глобальном распределении осадков, так 1 га леса может перевести во внутрипочвенный сток до 5-6 тыс м3 воды. Кроме того, испаряемая деревьями влага возвращается в атмосферный круговорот. Эффективно задерживает таяние снега весной и сток воды после сильных ливней, тем самым сглаживая подъем воды в реках, предотвращая разрушительные наводнения, пересыхание рек и ручьев в засуху, защищая берега рек от эрозии, предотвращая загрязнения водоемов.

Леса, лесополосы и даже отдельные деревья имеют большое значение для защиты и сохранения плодородия сельскохозяйственных земель, сохраняя землю и сельскохозяйственные культуры от вредоносного воздействия сильных ветров, поздних заморозков, иссушения, эрозии и других неблагоприятных климатических воздействий. С лесами связано существование основной доли биологического разнообразия живых организмов Земли. Основными причинами сокращения лесных площадей являются пожары, загрязнение атмосферы, выпадение кислотных дождей, повреждение вредителями и болезнями.

Особое внимание необходимо уделять защитным лесным насаждениям, расположенным вдоль водостоков, они являются постоянно действующим элементом почвы - и водоохраных мероприятий, поскольку создают мелиоративный эффект, обеспечивают регулирование и очистку поверхностного стока. По мере развития человеческой цивилизации и пониманию того, что осознания ценности чистой воды, воздуха и леса, как средообразующего фактора. Берегите природу!

В Отраденском КГУ лесного хозяйства начались весенние работы с апреля месяца. Производятся работы по посадке леса на площади 164 гектар, а также дополнение лесных культур на площади 25 гектар. На посадку леса привлечено население и работники гослесохраны.

И. СИДОРЕНКО, главный инженер лесных культур Отраденского КГУ.

МЕЖДУНАРОДНЫЙ ДЕНЬ ТАНЦА



Ежегодно, 29 апреля, во всем мире отмечается Международный день танца. Этот праздник посвящен всем стилям

танца и начали отмечать его с 1982 года.

Главная идея этого праздника - объединение всех направлений танца как единой формы искусства. День танца - это повод для чествования, а еще - способности преодолевать все культурные этнические границы возможности, объединять людей во имя дружбы мира, позволяя им говорить одним языком - языке танца.

В связи с этим замечательным праздником директор районного Дома культуры Алишер Жанибекович Кенжегалиев поздравил своих сотрудниц-коллег - руководителей танцевальных народных коллективов, старейших работников главного очага культуры района - Раису Тухановну Гагиеву, Галину Юрьевну Перерва и Тамару Мустафаевну Веджиёву. В этом году Народ-

ный самодеятельный коллектив «Ритм» отметит свой 20-летний юбилей, а в следующем, 2025 году, 40 лет исполняется ингушскому народному ансамблю «Сердало». Алишер Жанибекович поздравил коллег с Международным днем танца, пожелал творческих успехов, неиссякаемой энергии, здоровья и бесконечного удовольствия от занятий танцами, вручив благодарственные письма и большие роскошные букеты цветов.

Танец это действительно особый вид искусства, в котором магия тела сочетается с эмоциональным состоянием, поэтому Алишер Жанибекович пожелал получить удовольствие от движения, зажечь и вдохновлять, поднимать настроение, жить в ритме танца.

Танцуйте, танцуйте и еще раз танцуйте! И радуйте нас своим творчеством.

Р. ГАГИЕВА, руководитель ингушского народного ансамбля «Сердало».

Формируя чувство верности своей Родине

С учениками 8 класса Партизанской общеобразовательной школы был проведен патриотический урок «Солдатами не рождаются - солдатами становятся». В нем приняли участие классный руководитель Е. В. Дробышева, библиотекарь школы А. К. Дюсембаева, культорганизатор Е. И. Ильина и участковый инспектор полиции, старший лейтенант Т. М. Алпысбаев.

7 мая – День Защитника Отечества. Сегодня, как и в былые времена, наша Казахстанская армия славится своими воинами. У неё славное прошлое и, надеемся, достойное будущее. А будущее нашей Казахстанской армии – это сегодняшние мальчишки. Выступая перед аудиторией, участковый инспектор полиции, отме-



тил, что молодым ребятам в будущем предстоит встать на защиту Отечества и что они должны быть достойными защитниками, смелыми солдатами, способными защитить свою землю. Родина – самое дорогое, что есть у человека, это его святая. И

сегодня, знакомя детей с праздником Дня защитника Отечества, мы воспитываем в них чувство патриотизма, развиваем гордость за свою страну. Это повод напомнить детям, что в мирное время одна из главных задач - защищать и оберегать своих родных. Это возможность поговорить с детьми о качествах, которые обязательно должны быть у каждого мужчины - мужество, смелость, стойкость, отвага.

Во все исторические времена мы знаем примеры самоотверженности, подвигов, совершенных ради защиты Родины.

Празднование Дня защитника Отечества стало новой традицией преемственности традиций патриотизма, мужества и любви к Родине. Этот день олицетворяет летопись героических подвигов казахстанцев.

Ш. АСКАРОВА, библиотекарь Партизанской сельской библиотеки.

Укреплять в молодежной среде нетерпимость к коррупции

В Законе РК «О противодействии коррупции» отмечено, что борьба с коррупцией является обязанностью руководителей и служащих каждого государственного органа, каждого гражданина нашей страны.

Это сложное социальное явление, которое зародилось еще в глубокой древности в центрах древневосточных цивилизаций и существует сегодня во всех странах независимо от уровня ее развития, различаясь лишь своими масштабами - с этой фразы началось мероприятие по борьбе с коррупцией, которое прошло в Воробьевской сельской библиотеке. Организована она была в формате интеллектуальной игры «Молодое поколение против коррупции!» с целью формирования собственного мнения, гражданской позиции по отношению к антикоррупционным действиям, воспитания ценностей и развития способности, необходи-

мых молодому поколению.

В ходе мероприятия говорилось о коррупции, как о злободневной проблеме общества. Было дано общее представление о различных формах коррупции, особенностях ее проявления в различных сферах жизнедеятельности, указаны причины вредных последствий данного явления. Участвующие в интеллектуальной игре узнали об ошибках, с которыми человек сталкивается в своей жизни, разыгрывая при этом различные ситуации и выполняя конкурсные задания. Поразмышляли над тем, как победить это крайне живучее явление. Надеемся, что каждая мысль, высказанная на мероприятии, окажется полезной,

каждый из нас может приложить свои силы, чтобы хоть как - то противодействовать этому явлению. И только вместе мы остановим коррупцию!

В. БУЛЛИХ, библиотекарь Воробьевской сельской библиотеки.



Рекомендации родителям: предотвратите беду!

Не оставлять окна открытыми, если дома маленький ребенок, поскольку достаточно отвлечься на секунду, которая может стать последним мгновением в жизни ребенка или искалечить её навсегда.

Не использовать москитные сетки без соответствующей защиты окна – дети любят опираться на них, воспринимая как надежную опору, а потом выпадают вместе с ними наружу.

Не оставлять ребенка без присмотра, особенно играющего возле окон и стеклянных дверей.

Не ставить мебель поблизости окон, чтобы ребенок не взобрался на подоконник и не упал вниз.

Не следует позволять детям прыгать на

кровати или другой мебели, расположенной вблизи окон.

Не следует класть вещи в беспорядке в процессе уборки возле балконных или межкомнатных остекленных дверей, так как ребенок может споткнуться и нанести себе травму.

Преподавать детям уроки безопасности. Учить старших детей присматривать за младшими.

Тщательно подобрать аксессуары на окна для детской комнаты. В частности, средства солнцезащиты, такие как жалюзи и рулонные шторы должны быть без свисающих шнуров и цепочек. Ребенок может в них запутаться и спровоцировать удушье.

Посадить под окнами зелёные насаждения, особенно, если вы живёте в частном

доме, которые смогут смягчить приземление в случае выпадения ребёнка из окна.

Установить на окна блокираторы или оконные ручки-замки с ключом препятствующие открытию окна ребёнком самостоятельно.

Но всё же, уважаемые родители, гораздо спокойнее и безопаснее, по возможности, не оставлять маленького ребёнка одного, а брать с собой. В крайнем случае, кооперироваться со знакомыми, родственниками и оставлять ребёнка у них или приглашать «свободных» родственников к себе, чтобы они посидели с ребёнком. Конечно, от всего не застрахуешься, но сделать то, что в наших силах, чтобы обезопасить ребёнка, мы обязаны.

ОЧС Буландынского района.

ГОСУДАРСТВЕННАЯ ПОЛИТИКА

Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу бойынша кездесу

«Сарбат-Ақжол» Оңалту орталығы» ҚБ теолог-маманы Балунан Шолақ атындағы мектеп-лицей мен Макинск қ. мектеп-лицейінің оқушыларымен, мамандандырылған Буланды балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің тәрбиеленушілері және қызметкерлерімен діни және құқықтық сауаттылықты арттыру бойынша «Қазақстан Республикасы – зайырлы мемлекет», «Әлеуметтік желілер арқылы деструктивті жалған діни ағымдарға тарту әдістері», «Деструктивті діни ағымдардың қоғамға зиянды әсері» тақырыптарында кездесулер өткізді.

Теолог зайырлы мемлекет, діни экстремизм мен терроризм ұғымдары, деструктивті діни ағымдардың және ғаламтор

желісі арқылы діни білім алудың қауіптілігі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында сот шешімі бойынша тыйым салынған экстремистік, террористік ұйымдар туралы кеңінен ақпарат берді.

Кездесу соңында терроризм мен экстремизмнің алдын алу бойынша бейнероликтер көрсетіліп, қатысушылардың сұрақтарына тиісті жауаптар берілді.

* * *

Встреча по профилактике религиозного экстремизма и терроризма

Специалистом-теологом ОО «Реабилитационный центр «Сарбат-Ақжол» проведены встречи с учащимися школы-лицея имени Балунана Шолака, школы-лицея г.Макинска, воспитанниками и работниками специализированной Буландынской детско-юношеской спортивной школы по повышению религиозно-правовой грамотности на темы: «Республика Казахстан – светское государство», «Методы вербовки в деструктивные псевдорелигиозные течения через социальные сети», «Пагубное влияние деструктивных религиозных течений на общество».

Теолог рассказал о понятиях светского государства, экстремизма и терроризма, об опасности деструктивных религиозных течений и получения религиозных знаний через интернет, также про экстремистские, террористические организации, запрещенные по реше-



нию суда на всей территории Республики Казахстан.

В завершение встречи были показаны видеоролики по профилактике терроризма и экстремизма, на вопросы участников были даны исчерпывающие ответы.



«Предоставление земельного участка из земель поселка, села» (1 этап)

Государственная услуга оказывается местным исполнительным органом области, города областного значения (на территории, переданной в его административное подчинение), акимом поселка, села (далее – услугодатель) физическим и юридическим лицам (далее – услугополучатель).

Перечень основных требований к оказанию государственной услуги «Предоставление земельного участка из земель поселка, села» указан в приложении 1 к настоящим Правилам (далее – Перечень).

Прием заявления о предоставлении земельного участка из земель поселка, села по форме согласно приложению 2 к настоящим Правилам и документов, указанных в пункте 8 Перечня, и выдача результата оказания государственной услуги осуществляются через Государственную корпорацию, либо через портал.

